

КЕЛІСІЛДІ  
Россельхознадзор  
Жетекшісінің орынбасары  
К.А.Савенков  
04.03.2022

Дәрілік препаратты ветеринарияда қолдану жөніндегі  
НҰСҚАУЛЫҚ

Атакса®

(өзірлеуші ұйым «КРКА, д.д., Ново место» АҚ, Шмарьешка цеста 6,  
8501 Ново место, Словения/«KRKA, d.d., Novo mesto»,  
Šmarješka cesta 6, 8501 Novo mesto, Slovenija)

Тіркеу куәлігінің нөмірі 705-3-9.20-4676№ПВИ-3-4.15/04594

I. Жалпы мәліметтер

1. Ветеринарияда қолдануға арналған дәрілік препараттың атауы:  
саудалық атауы Атакса® (Атахха®)  
Әсер етуші заттарының халықаралық патенттелмеген атауы: имидакло-  
прид, перметрин.
2. Дәрілік түрі: сыртқа қолдануға арналған ерітінді.  
Атакса® 1 мл-де әсер етуші заттар ретінде имидаклоприд – 100 мг және  
перметрин – 500 мг, сондай-ақ қосымша заттар: диметилсульфоксид, N-  
метилпирролидон, орта тізбекті триглицеридтер, лимон қышқылы және бутил-  
гидрокситолуол бар.
3. Сыртқы түрі бойынша сарыдан ақшыл-қоңыр түске дейінгі мөлдір  
сұйықтық болып табылады.  
Препараттың жарамдылық мерзімі сақтау шарттары сақталған жағдайда  
– дайындалған күнінен бастап 3 жыл. Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін  
препаратты қолдануға тыйым салынады.
4. Препарат 0,4; 1,0; 2,5 және 4,0 мл-ден қорғаныш қалпақшасымен тұм-  
шаланып жабылған полимерлі пипеткаларға бөліп салу арқылы шығарылады.  
Әрбір пипетканы фольгадан жасалған пакетке қаптайды. 1, 3 немесе 4 данадан  
пипеткалары бар пакеттерді қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон  
қорапшаларға қаптайды.
5. Дәрілік препаратты өндірушінің жабық қаптамасында тікелей күн  
сәулесінен қорғалған жерде, тамақ өнімдері мен жемдерден бөлек, 0° С-ден  
25° С-ге дейінгі температурада сақтайды. Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан  
кейін қолдануға болмайды.
6. Препаратты балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтау керек.
7. Пайдаланылмаған препаратты заңнамалық талаптарға сәйкес утилиза-  
циялайды.
8. Ветеринарлық дәрігердің рецептсізінсіз босатылады.

## II. Фармакологиялық қасиеттері

9. Атакса® препараты фармакотерапиялық топқа – инсектоакарицидтік дәрілер біріктіріліміне жатады.

10. Препараттың құрамына кіретін имидаклоприд және перметрин, синергидтік әсерге ие бола отырып, айқын инсектицидтік, акарицидтік және репелленттік әсер көрсетеді.

Атакса® препараты иттерде паразиттік тіршілік ететін бүргелердің (*Ctenocephalides canis*, *Ctenocephalides felis*), жүнжегілердің (*Trichodectes canis*), иксодтық кенелердің (*Rhipicephalus sanguineus* және *Ixodes ricinus*, *Dermacentor reticulatus*) имагинальді және преимагинальді және дернәсілдік даму фазаларына қарсы тиімді, жануарларды масалардың (*Aedes aegypti*, *Culex pipiens*), шыбындардың (*Stomoxys calcitrans*) және шіркейлердің (*Phlebotomus papatasi*, *Phlebotomus perniciosus*) шабуылынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Жануарларға: боррелиоз, риккетсиоз, лейшманиоз сияқты трансмиссиялық аурулардың, сондай-ақ ит эрлихиозы қоздырғышының (*Ehrlichia canis*) және т.б. берілуінің ықтимал қаупін төмендетеді.

Перметрин – синтетикалық пиретроид, инсектицидтік, акарицидтік және репелленттік әсері бар, оның механизмі жүйке импульстарының берілуін бөгеуге негізделеді, бұл эктопаразиттердің қимыл үйлесімінің бұзылуын, салдануын және қырылуын тудырады.

Имидаклоприд хлороникотинилді инсектицидтерге жатады, олар буынаяқтылардың ацетилхолиндік рецепторларымен өзара әрекеттеседі, жүйке импульстарының берілуін бұзып, жәндіктердің қырылуына әкеледі. Буынаяқтылардың жүйке торабының белсендіргіші ретінде әсер етіп, имидаклоприд перметриннің инсектицидтік әсерін де күшейтеді.

Атакса® препаратын қолданудан кейін оның белсенді компоненттері, іс жүзінде жүйелі қан ағымына сіңбей-ақ, дене беткейімен тез таралады және эпидермис пен жүнде сақталып, ұзақ мерзімді (4 аптаға дейін) жанаспалы инсектицидтік әсер көрсетеді.

Атакса® организмге әсер ету дәрежесі бойынша қауіптілігі орташа заттарға жатады (МЕМСТ 12.1.007-76 бойынша қауіптіліктің 3-класы), ұсынылған дозаларда теріге жаққан кезде жергілікті тітіркендіретін, резорбциялық-уыттылық, эмбриоуыттылық, тератогендік, мутагендік және сенсбилизациялаушы әсерін тигізбейді.

Препарат мысықтарға, араларға, сондай-ақ балықтарға және басқа гидробионттарға уытты.

## III. Қолдану тәртібі

11. Атакса® препараты иттерде паразиттік тіршілік ететін биттерді, бүргелерді, жүнжегілерді және иксодтық кенелерді жоюға, сондай-ақ жануарларды оларды шабуылынан қорғауға қолданылады.

12. Препаратты қолдануға болмайтын жағдай жануардың препарат компоненттеріне жеке жоғары сезімталдығы болып табылады. Препаратты инфекциялық аурулармен ауыратындарға және сауығып келе жатқан жануарларға қолдануға рұқсат етілмейді.

Препаратты мысықтарға, сондай-ақ жануарлардың басқа түрлеріне қолдануға тыйым салынады. Мысықтар мен иттерді бірге ұстаған жағдайда итке препарат жағылған жерлер толық кепкенге дейін жануарларды бөлек ұстау қажет (препаратты мысықтың жалауына жол бермеу үшін).

13. Препаратпен жұмыс істеген кезде дәрілік заттармен жұмыс істеуде көзделген жеке гигиена мен қауіпсіздік техникасының жалпы ережелерін сақтау керек. Препаратпен жұмыс істеу кезінде темекі тартуға, ішуге немесе тамақтануға рұқсат етілмейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды жылы сумен мұқият сабындап жуу керек. Өңдеуден кейін 24 сағаттың ішінде жануарды сипауға және кішкентай балаларға жіберуге болмайды.

Дәрілік препарат теріге немесе көздің шырышты қабығына абайсызда тиіп кеткенде, оны көп мөлшердегі сумен жуу қажет. Препараттың компоненттеріне аса жоғары сезімталдығы бар адамдар препаратпен тікелей жанасудан аулақ болғаны жөн. Аллергиялық реакциялар пайда болған жағдайда немесе препарат адам организміне кездейсоқ еніп кеткен кезде дереу медициналық мекемеге жүгіну керек (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулықты немесе заттаңбаны өзіңізбен ала бару керек).

Дәрілік препараттан қалған бос қаптамаларды тұрмыстық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, оларды тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизациялауға жатады.

14. Буаздық кезеңінде аналықты өңдеуді және төлді қоректендіруді қажет болса ветеринар дәрігердің бақылауымен жүргізеді. 7 аптаға толмаған және/немесе салмағы 1,5 кг-ден аз күшіктерге қолдануға тыйым салынады.

15. Препарат жануарларға зақымданбаған құрғақ теріге тамшылатып («spot-on») жағу арқылы бір рет қолданылады. Пайдаланар алында пипеткадан қорғаныш қалпақшасын шешіп, оны тігінен орналастырып, пипетканың ұшындағы қорғаныш жарғақшасын теседі (қалпақшаны теріс жағымен кигізу арқылы), содан соң қалпақшаны қайта шешеді.

Препаратты жануарға жүннің арасын ашып, жауырын мен мойын түбінің арасындағы теріге тікелей жағады. Препаратты дымқыл немесе зақымданған теріге жағуға немесе оны жануарлардың жалап қоюына жол беруге болмайды.

Ірі жануарларды өңдеген кезде пипеткалардың ішіндегісін арқаны бойлап, шоқтығынан құйрығына дейін 3-4 жерге жағады.

Жануардың салмағына байланысты Атакса® препаратын кестеде көрсетілген дозаларда әртүрлі өлшемде пайдаланады:

Иттің салмағы	Атакса® пипеткасының таңбалауы	Препараттың дозасы (пипетканың номиналды көлемі), мл
4 кг дейін	салмағы 4 кг дейінгі иттер үшін	0,4

4-тен 10 кг дейін	салмағы 4-тен 10 кг дейінгі иттер үшін	1,0
10-нан 25 кг дейін	салмағы 10-нан 25 кг дейінгі иттер үшін	2,5
25-тен 40 кг дейін	салмағы 25 кг-ден асатын иттер үшін	4,0
40 кг-ден астам	әртүрлі өлшемдегі пипеткалардың біріктірілімін пайдаланады	

Салмағы 40 кг-ден асатын иттерді өңдеген кезде препаратты әртүрлі өлшемдегі пипеткалардың біріктірілімін пайдаланып, жануардың 0,1 мл/кг салмағына есептеп қолданады.

Өңдеуден кейін жануарда паразиттік тіршілік ететін жәндіктердің қырылуы 12 сағаттың ішінде, иксодтық кенелердің қырылуы немесе ажырауы - 48 сағаттың ішінде жүреді. Препараттың бүргелерге, жүнжегілерге, қос қанатты қансорғыш жәндіктерге, сондай-ақ иксодтық кенелерге репелленттік әсері жануарды бір рет өңдеуден кейін 4 аптаға дейін созылады. Қажет болса қайтадан өңдеуді айына 1 рет жүргізеді.

Жәндіктерден туындаған аллергиялық дерматитті емдеген кезде, препаратты патогенетикалық және симптоматикалық емнің дәрілік заттарымен бірге пайдалану орынды болады.

Препарат жануардың жүні дымқылданып қалғанның өзінде де әсерін жоғалтпайды, алайда өңдеудің тиімділігі төмендеуінің алдын алу үшін жануардың суда ұзақ уақыт болуына жол бермеген жөн. Мұндай жағдайларда жануарды Атакса® препаратымен қайталап өңдеуге болады, бірақ аптасына 1 реттен жиі емес.

Егер жануарды сусабынмен жуу қажет болса, мұны препаратты жаққанға дейін жасау ұсынылады.

16. Атакса® препаратын осы нұсқаулыққа сәйкес қолданған кезде, әдетте, жағымсыз құбылыстар мен асқынулар байқалмайды. Сирек жағдайларда терінің жеке реакциялары (қызару, қышыу) болуы мүмкін, олар 1-4 күннің ішінде өздігінен басылады және дәрілік заттарды қолдануды қажет етпейді. Препараттың компоненттеріне сезімтал жануарда аллергиялық реакциялар пайда болған жағдайда, препаратты сабынды сумен мұқият жуып тастау және жүнін көп мөлшердегі ағын сумен шаю керек, ал қажет болса антигистаминдік және симптоматикалық дәрілер тағайындалады.

17. Препарат артық дозаланған кезінде кейбір иттерде жай-күйдің нашарлауы, қарашықтардың кеңеюі, сілекейдің көп бөлінуі, бұлшықеттің дірілдеуі байқалуы мүмкін. Бұл жағдайда препаратты жуғыш зат қосылған сумен жуып тастайды және оның организмнен шығарылуына бағытталған жалпы шараларды қолданады.

18. Атакса® препаратын басқа инсектоакарицидтік дәрілік препараттармен бір мезгілде қолдануға болмайды.

19. Дәрілік препаратты алғаш рет қолданғандағы немесе тоқтатқандағы әсер ету ерекшеліктері анықталған жоқ.

20. Қайталап өңдеудің белгіленген мерзімі сақталмаған жағдайда препаратты қолдануды сол дозада және сондай сызба бойынша қайта бастау керек.

21. Атакса® препараты өнім өндірілетін жануарларға қолдануға арналмаған.

Препаратты өндірушінің өндірістік алаңының атауы және мекенжайы

1. «KRKA, d.d., Novo mesto», Šmarješka cesta 6, 8501 Novo mesto, Slovenija;
2. «KRKA, d.d., Novo mesto», Povahova ulica 5, 8501 Novo mesto, Slovenija.

Дәрілік препаратты тіркеу куәлігінің иесінің немесе ұстаушысының тұтынушыдан шағымдарды қабылдауға өкілетті ұйымының атауы, мекенжайы

«КРКА-РУС» ЖШҚ,  
125212, Мәскеу қ., Головинское тас жолы, 5-үй, 1- корпус  
Тел.: (495) 981-10-95, факс: (495) 981-10-91.